

Темірбек Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы «Актер шеберлігі және режиссура» кафедрасының докторанты Әкімбек Асқардың 6D040600 – «Режиссура» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындаған «Мұхтар Әуезов шығармаларын сахналау үрдісі: дәстүр мен жаңашылдық» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына

РЕСМИ РЕЦЕНЗЕНТТІҢ ЖАЗБАША ПІКІРІ

р/н №	Өлшемшарттар	Өлшемшарттарға сәйкестігі (жауап нұсқаларының бірін сызу)	Ресми рецензенттің ұстанымына негіздеме (ескертуді курсивпен көрсету)
1	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	1.1 Ғылымды дамытудың басым бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:	Диссертация тақырыбы қарастырылған мәселе төменде көрсетілген мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес келеді - «Қазақстан Республикасында мәдени саясатты іске асырудың 2020–2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы» (ҚР Үкіметінің 2023 жылғы 16 қаңтардағы №914 қаулысы); Республикамыздың мәдениет саласындағы мемлекеттік саясаттың анағұрлым маңызды бағыттарының бірі ұлттық өнерді сақтап-дамыту, зерттеу, оны заманауи талаптарға сай дамыту, мәдени мұраларды қастерлеу. Қазақстан үкіметі креативті экономиканы дамыту мақсатында «Креативті индустрия» ұғымын енгізу арқылы мәдениетті, экономиканы және әлеуметтік саясатты тығыз

			байланыстырады, оның жаңа заман талаптарына сай қалыптасуына жол ашатын бағдарлама енгізген. «Креативті индустрияларды дамытудың 2021–2025 жылдарға арналған тұжырымдамасы» (ҚР Үкіметінің 2021 жылғы қарашадағы №689 қаулысы).
		1) диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірін көрсету);	Бұл диссертациялық жұмыс мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын жоба немесе нысаналы бағдарлама шеңберінде орындалмаған. Алдағы уақытта «Креативті индустрияны» дамытудағы мемлекеттік бағдарламалардың талаптарына сай гуманитарлық ғылымдар саласындағы іргелі және қолданбалы зерттеулер бағытына сәйкес ұсынуға болады.
		2) диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауын көрсету);	
		3) диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету) келеді.	
2	Ғылым үшін маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін <u>қосады</u> /қоспайды, ал оның маңыздылығы <u>ашылған</u> /ашылмаған.	Мұхтар Әуезовтің драматургиялық мұрасы мен оның ұлттық театр режиссурасындағы көркемдік интерпретацияларының теориялық және практикалық тұрғыда кешенді зерттелуі – қазіргі

			қазақ театры өнері мен режиссура ғылымының дамуындағы маңызды бағыттардың бірі болып табылады. Осы диссертациялық зерттеудің нәтижесінде М.Әуезов пьесаларының сахналық қойылымдарындағы режиссерлік интерпретациялардың эволюциясы алғаш рет жүйеленіп, олардың ұлттық театр эстетикасы мен режиссурасының кәсіби қалыптасу үдерісіндегі орны айқындалды. Сондай-ақ ұлттық театр өнерінің жаңа бағыттарын айқындауда постдрамалық тәсілдердің қолданылуы мен тәуелсіздік кезеңіндегі режиссерлік ізденістерге ғылыми баға берілді. Бұл диссертациялық жұмыс қазақ театртану ғылымының теориялық негізін толықтыра отырып, ұлттық сахна өнерінің заманауи үрдістерін зерттеуге, оқу процесінде қолдануға, отандық театр режиссурасын жаңа қырынан тануға мүмкіндік беретін маңызды ғылыми және әдістемелік ресурс ретінде бағаланады.
3	Өзі жазу принципі	Өзі жазу деңгейі:	Докторант өз зерттеуінде қойылған мақсаттар мен міндеттерді жүзеге асыру барысында тарихи және теориялық дереккөздерді терең зерделеп, салыстырмалы талдаулар
		1) жоғары;	
		2) орташа;	
		3) төмен;	
		4) өзі жазбаған.	

			жүргізген. Сонымен қатар, материалдарға жан-жақты зерттеу жасап, негізделген тұжырымдар мен нақты нәтижелерге қол жеткізген.
4	Ішкі бірлік принципі	4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі:	Зерттеу тақырыбының өзектілігі оның ғылыми, мәдени, теориялық және практикалық маңыздылығымен айқындалады. Мұхтар Әуезов шығармашылығын ғылыми әдіснама негізінде сараптау қазіргі қазақ театртану ғылымының дамуына қосылған елеулі үлес саналады.
		1) негізделген;	
		2) ішінара негізделген;	
		3) негізделмеген.	
		4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды:	Диссертациялық жұмыстың құрылымы мен мазмұны зерттеу тақырыбын толық ашуға бағытталған және оның негізгі мәселелерін жан-жақты қамтиды. Осы тұрғыдан алғанда, бұл еңбек қойылған мақсат-міндеттерге сай, мазмұндық және ғылыми негіздемесі толыққанды, өзектілігі мен маңыздылығы дәлелденген зерттеу жұмысы болып табылады.
		1) айқындайды;	
		2) ішінара айқындайды;	
		3) айқындамайды.	
		4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді:	Мақсаты мен міндеттері зерттеу тақырыбының мазмұнын нақты ашады және соған толық сәйкес келеді.
		1) сәйкес келеді;	
		2) ішінара сәйкес келеді;	
		3) сәйкес келмейді.	
		4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен ережелері логикалық байланысқан:	Диссертацияның барлық бөлімдері мен ережелері логикалық байланыс сақталған.

		1) <u>толық байланысқан;</u>	XX ғасырдағы кәсіби театр мектептердің қалыптасуы мен даму үрдісін зерттеуде әдіснамалық негіз ретінде орыс-кеңестік, шетелдік театртанушылар мен театр теоретиктері мен практиктері: К.С.Станиславский, Вл.И.Немирович-Данченко, П.Марков, А.Д.Попов, Г.Товстоногов, А.Арто, Е.Гротовский, П.Брук, А.Смелянский, т.б. еңбектеріне сүйене отыра, Отандық театртанушы ғалымдар: Б.Құндақбайұлы, Ә.Сығай, А.Қадыров, С.Қабдиева, Б.Нұрпейіс, А.Еркебай, А.Мұқан, М.Жақсылықова, З.Исламбаева, т.б. және сахна кеңістігін практикалық тұрғыда игерген: А.Токпанов, Ә.Мәмбетов, М.Байсеркеұлы, Ә.Рахимов, т.б. жоғарыда келтірілген еңбектерінен және режиссерлік тәжірибеден туындаған тұжырымдарына назар аударған.
		2) ішінара байланысқан;	
		3) байланыс жоқ.	
		4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған:	
		1) сыни талдау бар;	
		2) талдау ішінара жүргізілген;	
		3) талдау өз пікіріне емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген;	
5	Ғылыми жаңашылдық принципі	4) талдау жоқ.	Диссертациялық жұмыста алынған ғылыми нәтижелер мен ұсынылған тұжырымдар тың көзқарас тұрғысынан негізделген. Зерттеу барысында қазақ театртану ғылымында әлі кеңінен қарастырылмаған тақырыптар мен
		5.1 Ғылыми нәтижелер мен ережелер жаңа ма?	
		1) толығымен жаңа;	
		2) ішінара жаңа (25-75% жаңа);	
		3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	

			әдіснамалық тәсілдер қамтылғандықтан, бұл жұмыс ғылыми жаңалық деңгейінде бағалануға лайықты.
		5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа ма?	Диссертациялық жұмыстың қорытындылары жаңа деп айтуға толық негіз бар.
		1) толығымен жаңа;	
		2) ішінара жаңа (25-75% жаңа);	
		3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	
		5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе?	Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген.
		1) толығымен жаңа;	
		2) ішінара жаңа (25-75% жаңа);	
		3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	
6	Негізгі қорытындылардың негізділігі	Барлық негізгі қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген /негізделмеген (qualitative research (куолитатив ресеч) және өнер және гуманитарлық ғылымдар бойынша даярлық бағыттары үшін).	Диссертациялық жұмыстың негізгі қорытындылары теориялық және практикалық негіздерге сүйене отырып жасалған. Зерттеу барысында ұсынылған тұжырымдар нақты теориялық платформамен, жүйелі ғылыми талдаумен, заманауи әдіснамалық тәсілдермен және көркемдік материалдармен толық негізделген. Осы ерекшеліктерінің арқасында бұл диссертациялық жұмыс театртану ғылымының дамуына өзіндік үлес қосатын, өзектілігі жоғары және мазмұнды ғылыми

			еңбек ретінде бағалануға әбден лайық.
7	Қорғауға шығарылған негізгі ережелер	Әрбір ереже бойынша келесі сұрақтарға жеке жауап беру қажет:	7.1 Жұмыста ереже дәлелденген.
		7.1 Ереже дәлелденді ме?	7.2 Жоқ.
		1) дәлелденді;	7.3 Ұсынылған ережелер жаңа.
		2) шамамен дәлелденді;	7.4 Ережелерді қолдану деңгейі кең.
		3) шамамен дәлелденбеді;	7.5 Зерттеу нәтижелері және негізгі ережелер 4 ғылыми
		4) дәлелденбеді;	мақалаларда баяндалған, Зерттеудің негізін
		5) бұл тұжырымда ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес.	кұрайтын теориялық мәселелері мен
		7.2 Тривиалды ма?	тұжырымдары ҚР БҒМ Білім және ғылым
		1) иә;	саласындағы қадағалау және аттестаттау комитеті
		2) жоқ;	белгіленген республикалық 4
		3) бұл тұжырымда ереженің тривиалды екенін тексеру мүмкін емес.	басылымда, SCOPUS базасына енетін нолдік
		7.3 Жаңа ма?	емес, импакт факторы бар
		1) иә;	халықаралық 1 ғылыми
		2) жоқ;	басылымда барлығы 5
		3) бұл тұжырымда ереженің жаңашылдығын тексеру мүмкін емес.	мақала жарияланды.
		7.4 Қолдану деңгейі:	Мақала мазмұны және қозғаған мәселесі
		1) тар;	диссертация тақырыбына сәйкес келеді.
		2) орташа;	
		3) кең	
		4) бұл тұжырымда ереженің қолдану деңгейін тексеру мүмкін емес.	
		7.5 Мақалада дәлелденген бе?	
		1) иә;	
		2) жоқ	
		3) бұл тұжырымда мақаладағы ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес.	

8	Дәйектілік қағидаты. Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі.	8.1 Әдіснаманы таңдау – негізделген немесе әдіснама нақты жазылған:	Зерттеу жұмысында негізгі әдіс ретінде тарихи-теориялық талдау, салыстырмалы сараптама жасау тәсілдері, сондай-ақ хронологиялық және контент-талдау әдіснамалық ұстанымдары негізге алынған.
		1) иә;	
		2) жоқ.	
		8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған:	Диссертациялық жұмыста зерттеу нәтижелерін талдау барысында заманауи ізденістерге сай компьютерлік технологиялар қолданылып, мәліметтерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелері пайдаланылған.
		1) иә;	
		2) жоқ.	
		8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді):	Диссертациялық жұмыстың мазмұнынан туындайтын қорытындылар өнертану ғылымының талаптары негізінде жан-жақты талданып, ғылыми түрде дәлелденген. Сонымен қатар, зерттеу барысында педагогикалық ғылымдар аясында арнайы эксперименттік жұмыстар жүргізілмеген.
		1) иә;	
		2) жоқ.	
		8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған	Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттердің сілтемелермен

		/ ішінара расталған / расталмаған.	расталған.
		8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті/жеткіліксіз.	116 әдебиет пайдаланған.
9	Практикалық құндылық қағидаты	9.1 Диссертацияның теориялық маңызы:	Диссертациядан алынған нәтижелер мен тұжырымдар, түйіндер мен қорытындылар сахна өнеріне қатысты маман дайындайтын арнайы орта, жоғарғы оқу орындарының студенттеріне, актер, режиссер және театртану мамандандыруы бойынша оқитын магистранттар мен докторанттарға пайдалануға болады.
		1) иә;	
		2) жоқ.	
		9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары:	Ғылыми зерттеудің нәтижелерін «Қазақ театрының тарихы», «Бүгінгі әлемдік театрлық процестер», «Актерлік шеберлік», «Қазіргі режиссура мен актерлік өнер», т.б. пәндерге қосымша оқу құралы ретінде қолдану болады. Сол сияқты «Мұхтар Әуезов және театр өнері» атты арнайы курстерде бүгінгі режиссура өнері мен актерлік шеберлікті шыңдауға бағытталған біліктілікті арттыру курстары мен семинарлық дәрістерге пайдалануға болады. Жалпы диссертациялық еңбектің зерттеу нәтижелерін өнертану, мәдениеттану және арнайы білім беру салаларына
		1) иә;	
		2) жоқ.	

			әдіснамалық тұрғыдан пайдалы болмақ.
		9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа ма?	Зерттеу барысында алынған нәтижелер кәсіби тұрғыдан аса пайдалы болатыны сөзсіз.
		1) толығымен жаңа;	
		2) ішінара жаңа (25-75% жаңа);	
		3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	
10	Жазу және ресімдеу сапасы	Академиялық жазу сапасы:	Талапқа сай жазылып ресімделген.
		1) жоғары;	
		2) орташа;	
		3) орташадан төмен;	
		4) төмен.	
11	Диссертацияға ескертулер		Зерттеу жұмысында грамматикалық, орфографиялық қателер кездеседі.
12	Докторант мақалаларының зерттеу тақырыбы бойынша ғылыми деңгейі (диссертация мақалалар сериясы нысанында қорғалған жағдайда ресми рецензенттер докторанттың зерттеу тақырыбы бойынша әр мақаласының ғылыми деңгейін зерделейді)		Докторант мақалаларының зерттеу тақырыбы диссертациялық еңбектің ішкі бірлігі мен маңыздылығын айқындауға бағытталған. Зерттеу барысында қол жеткен негізгі ғылыми жаңалықтарға мақаладағы зерттеулер сәйкес.
13	Ресми рецензенттің шешімі (осы Үлгі ереженің 28-тармағына сәйкес)		Әкімбек Асқардың 6D040600 – «Режиссура» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындаған «Мұхтар Әуезов шығармаларын сахналау үрдісі: дәстүр мен

		жаңашылдық» тақырыбындағы диссертациялық жұмысы ғылыми дәрежелер беру талаптарына сай рәсімделген, толық аяқталған ғылыми жұмыс. Диссертацияның осы айқындаушы белгілеріне сүйене отырып 6D040600 – «Режиссура» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға лайықты деп есептеймін.
--	--	---

Рецензент:

Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері,
өнертану кандидаты, Қазақ ұлттық
хореография академиясының профессоры



Мұмасаеітова Г.Т.

«Қазақ ұлттық
хореография академиясы» ШЖҚ РМК
РГП на ПХВ «Казахская национальная
академия хореографии»
Мұмасаеітова Г.Т. қолын растаймын
HR секторының Бағибаева В.В.
« 05 » 06 20 25 ж./г.